

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы желтоқсан айындағы қоршаған орта жай-күйі



Атмосфералық ауа ластануының жай-күйі

Атмосфералық ауа ластануының жалпы бағалауы төмендегідей сипатталады:


-ластанудың өте жоғары деңгейіне Қарағанды, Өскемен, Теміртау, Жезқазған қалалары;

-ластанудың жоғары деңгейіне Астана, Балхаш, Ақтобе, Талдықорған қалалары;


-ластанудың көтеріңкі деңгейіне Алматы, Атырау, Жетіқара, Степногор, Ақсу, Лисаковск, Жаңатас, Саран, Қостанай, Павлодар, Көкшетау, Қаратау, Петропавл, Тараз, Шымкент, Риддер, Жаңаозен, Түркістан, Арқалық, Шу, Кентау, Семей қалалары, Глубокое, Карабалық кенттері;

-ластанудың төменгі деңгейіне Зырянов, Ақсай, Рудный, Ақтау, Құлсары, Орал, Екібастұз, Қызылорда қалалары, Қордай, Ақай, Төретам, Бейнеу, Январцево, Березовка, Сарыбұлақ кенттері, «Боровое» КФМС және Щучинск-Бурабай курорттық аймағы жатады.

СИ



Қазақстан Республикасы елді мекендерінің стандартты индекс (СИ) мәні



Қазақстан Республикасы елді мекендерінің ең жоғары қайталанғыштық (ЕЖҚ) мәні

Жер үсті суларының жай-күйі

Жер үсті суларының гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша су сапасын бақылау 163 гидрохимиялық тұстамада орналасқан, 65 су нысанында жүргізілген, олар: 45 өзен, 11 көл, 6 су қоймасы, 2 арна, 1 теңіз.

Су сапасының гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша негізгі критерийі - балық шаруашылық су айдындарына арналған ластаушы заттардың ШЖШ болып табылады.

Жер үсті суларының ластану деңгейі судың сапасының өзгеру динамикасын анықтау және салыстыруда қолданылатын судың ластануының кешенді индексі (СЛКИ) шамасымен бағаланған.

Зерттелген су нысандарының сапасының классификациясы келесідей:

"нормативті таза" деңгейіне 1 теңіз, 3 өзен - Жайық (Атырау обл.), Шаронова, Киғаш өзендері, Каспий теңізі;

"ластанудың орташа деңгейіне" – 27 өзен, 5 су қоймасы, 5 көл, 1 су арнасы: Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Емел, Жайық (СҚО), Шаған, Деркөл, Тобыл, Әйет, Есіл, Ақбулақ, Нұра, Беттыбұлақ, Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Есентай, Асса, Шу, Ақсу, Тоқташ, Сарықау, Келес, Сырдария, Бадам, Арыс өзендері, Қапшағай, Вячеславское, Сергеевское, Самарқан, Шардара су қоймалары, Сұлтанкелді, Қопа, Зеренді, Сұлукөл көлдері, Арал теңізі, ағынды су арнасы;

"ластанудың жоғары деңгейіне" – 12 өзен, 6 көл, 1 су қоймасы, 1 су арнасы: Брекса, Тихая, Глубочанка, Оба, Тоғызак, Талас, Қарабалта, Қара Кеңгір, Елек, Сарыбұлақ, Соқыр, Шерубайнұра, өзендері, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Карасье, Билікөл, Бурабай, Шучье көлдері, Кеңгір су қоймасы, Нұра- Есіл су арнасы;


"ластанудың өте жоғары деңгейіне"- 4 өзен: Үлбі, Красноярка Қылшақты, Шағалалы өзендері.

ҚР кейбір су нысандарында 5 тәулікте оттегінің биохимиялық тұтынылуының жоғарғы мәндері байқалды және ол келесідей жіктелді:


«ластанудың өте жоғары деңгейіне» - Сарықау өзені және Билікөл көлі;

«ластанудың орташа деңгейіне» –Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Тоқташ, Шу, Ақсу, Қарабалта, Қара Кеңгір өзендері;

Еріген оттегінің жеткіліксіз мөлшері Сұлукөл көлінде байқалған, ал қалған су нысандарында оттегі режимі бірқалыпты.



Қазақстан Республикасы су объектілерінің кешенді ластану индексінің өзгеруі



Қазақстан Республикасы су қоймаларының, көлдерінің және су арналарының кешенді ластану индексінің өзгеруі

Радиациялық жай-күйі

Қазақстан Республикасының елді-мекендердегі атмосфераның жерге жақын қабатындағы гамма-фонның орташа мәні 0,05 – 0,28 мкЗв/сағ. аралығында болды. Қазақстан Республикасында радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

ҚР аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 – 1,7 Бк/м² аралығында болды. ҚР аумағында радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.

Қосымша:

Толығырақ мәліметтер Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі және «Қазгидромет» РМК сайттарында енгізілетін ақпараттық бюлетенінде жарияланады.